

## Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің күшіне енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 207 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V Кодексімен

**Ескерту.** Күші жойылды - ҚР 04.07.2014 № 231-V Кодексімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

**1-бап.** Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі, осы Заңмен күшіне енгізудің өзге мерзімдері белгіленген ережелерін қоспағанда, 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізілсін.

**2-бап.** 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап "Қазақ КСР-інің Қылмыстық іс жүргізу кодексінің бекіту туралы" 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР Заңымен бекітілген Қазақ КСР-інің Қылмыстық іс жүргізу кодексінің, сондай-ақ 1959 жылғы 22 шілдеден 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде Қазақ КСР-інің Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізген барлық заңдардың күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес келтірілуге тиіс.

Бұдан былай Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес келтірілгенге дейін аталған заңдар мен нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне қайшы келмейтін бөлігінде қолданыла береді.

**3-бап.** "Қазақ КСР-інің Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстерін күшіне енгізу тәртібі туралы" 1959 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы Жарлығының (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Үкіметінің Ведомостары, 1960 ж., N 4) күші жойылды деп танылсын.

4 - б а п . < \* >

5 - б а п . < \* >

**ЕСКЕРТУ.** 4-5-баптар алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. N 238 Заңымен.

5 - 1 б а п . < \* >

**ЕСКЕРТУ.** 5-1-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. N 238 Заңымен.

**6-бап.** Тиісті органдар Қазақстан Республикасының іс жүргізу заңдарына

сәйкес қабылдаған іс жүргізу әрекеттері мен іс жүргізу шешімдері, осы Заңмен олардың атын өзгертуге байланысты, заңды күшін жоймайды.

**ЕСКЕРТУ. 6-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.07.11. N 238 Заңымен.**

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК